



Қарағанды облыстық Н.В.Гоголь атындағы ғылыми - әмбебап  
кітапханасы

Өлкетану бөлімі  
Өндірістік әдебиеттер бөлімі



## *Өлке экологиясы*

Библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші

## *Экология края*



Қарағанды, 2004

## Оқырмандарға

Қарағанды облысы – Қазақстандағы экологиялық жағынан ең ластанған, өнеркәсіптік өндіріс орындары көп шоғырланған ірі өнеркәсіп орталығы. Бұл өңірдегі өндіргіш күштердің даму барысы көптеген жылдардан бері экологиялық зардаптар ескерілмей іске асырылды. Соның салдарынан облыстың атмосфералық ауасы бұзылды. Мәселен, тұрақты көздерден атмосфераға тарайтын ластанған заттар жылына бір миллион тоннадан асады. Ал бұл жалпы республикадағы барлық қалдықтардың үштен бірі деген сөз. Негізгі ластаушы көздер Теміртауда «Испат-Кармет» АТАҚ (жылына 361,5 мың тонна), Жезқазғанда «Қазақмыс» АҚ (жылына 138,4 мың тонна), Балқашта «Балқашмыс» АҚ (жылына 299,4 мың тонна, сол сияқты Қарағандыдағы энергетикалық кәсіпорындардың өзі жылына 96,2 мың тонна ластандыратын қоспа таратады.

Қала маңына орналасқан ГРЭС-1, N3 ЖЭО және Қаражал ЖЭО-ның күлі мен түтіні бұрқырап мазаны алуда, сол сияқты Ақжал байыту фабрикасының, Қайрақты, Жамбыл, Қарағайлы Ақшатау кеніштерінің қалдықтары да бұрқырап, желге ұшып жатыр. Бұларда қауіптілігі 1-3 класты қорғасын, мырыш, бериллий, висмут және радионуклидті флотация қалдықтары көп. Тозаңданып аспанға ұшудың салдарынан мұндай заттар маңайын да шаңдатып жібереді. Бұған қоса атмосфералық ауаны автокөліктер де ластандырып, одан шығатын тастанды қалдықтар жылына 110 мың тонна көлемінде зиянды заттар таратса, оның ішінде 200-ге жуық әртүрлі қоспа бар екендігі анықталғаны баршаға мәлім.

Бүгінгі таңда су ресурстарын қорғап, ұтымды пайдалануда да проблема көп. Облыстың жалпы жылдық су ресурсы 3,4млрд. текше метрге жуықтайды. Оның жыл сайын 2-2,3 миллиард текше метрі пайдаланылады. Негізгі су көздері Нұра өзені, оның Шерубай-Нұра және Соқыр құймалары, Ертіс-Қарағанды каналы, Қаракеңгір және Жезді өзендері, Балқаш көлдері болып табылады. Облыс суларының сапалық жағынан жақсаруына кері әсерін тигізіп отырған кәсіпорындар «Испат-Кармет» ААҚ, «Карбид» АҚ, «Қазақмыс» АҚ, «Балқаш» АҚ, «Облсуканал» су-канал шаруашылығы басқармасы, «Қарағандырезинотехника» АҚ, энергетика, көмір өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы кәсіпорындары.

Облыстағы жер ресурстары да қиын жағдайда. 854 мың гектар жер азып-тозған, жел эрозиясына ұшыраған. Оның басты себебінің бірі- жерді қорғайтын орман алқабының қанағаттанғысыз жағдайы. Жер ресурстарын ғана емес, жалпы қоршаған ортаға зиянын тигізетін негізгі ластану көздерінің бірі – кәсіпорындардың өндірістік қызметі процесінде және тұрғындардың тұрмыс-тіршілігінде пайда болған қалдықтар. Облыста тұрмыстық қатты қалдықтардың өте көп болуы да біраз проблемалар туғызуда. Сонымен қатар қоршаған орта мен адам денсаулығына ықпал ететін проблеманың бірі –қазылып, кен өндіріліп алынған соң қалып кеткен, жабылмай аузы ашық қалған радиациялық қауіпті кен орындары мен карьерлер мәселесі. Бұлар Шет ауданындағы Ақшатау елді мекені, Ақтоғай ауданындағы тастап кеткен геологиялық қазба орындары (Октябрь, Майтас, Қызыларай, Қызыл, Аномалия-8, Тасарал).

Республикамыздың басқа облыстары Қарағанды облысындағыдай техногенді ауыртпалықты бастан кешіріп отырған жоқ. Мұнда Сарышаған ракеталық полигоны, Семей ядролық полигоны және «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшатын ракета тасығыштардан бөлініп түсетін бөліктердің құлау ауданы- бәрі бар.

Облыста радиациялық қауіпсіздік мақсатымен кәсіпорындарда өңделген ионды сәуле көздері бар жерлерде қалдықтарды көму проблемасы басты орында.

Бұл көрсеткіш облыстағы экология және табиғат қорғау мәселесіне, экологиялық проблемаларды шешу жолдарына арналған. Онда Балқаш, Теміртау, Қарағандының экологиялық проблемалары туралы қамтылған. Көрсеткіш мазмұны бес бөлім бойынша құрылған, Жезқазған-Балқаш өңірінің экологиясы, Қарағанды облысының радиактивтік қалдықтарымен ластануы, облыстың су көздері, қалдықтарды өндіру проблемасы, өңірдің экологиялық орталықтары.

«Өлкетану» электрондық каталогқа өлке экологиясы туралы 500-ден астам жазулар енгізілген. Өлкетану бөлімі өлкенің табиғаты бойынша толық мәтінді құжаттарды құруға кірісті. Кітапхана оқырмандары «Қоршаған ортаны қорғау» атты тақырыптық папканы белсенді пайдаланады. Орталық Қазақстанның табиғаты туралы ақпараттарды әлемдік пайдаланушыларға қол жеткізу мақсатында «Сарыарқа-on-line» web- сайты құрылған.

Көрсеткіштің басты мақсаты қалың оқырмандар мен оқушылардың өз өлкесінің әсем табиғатын, қоршаған айналасын қорғауға шақыру, облыс жұртшылығына экологиялық білім мен тәрбие беру және әдебиеттермен таныстыру.

Қарағанды облысының экологиялық жағдайы туралы танысу үшін сіздерге Н.В.Гоголь атындағы ОҒӘК өлкетану бөлімінің кітап қоры, өлкетану картотекасы және электрондық каталогтың негізінде жасалған осы көрсеткіштің материалдары көп көмек береді.

Көрсеткішті жоғары оқу орындарының оқытушылары, мұғалімдер, студенттер, оқушылар қосымша құрал ретінде пайдалана алады.

## Жезқазған-Балқаш өңірінің экологиясы

Жезқазған өңірі кең-байтақ еліміздің дәл орталығында орналасқан және республикамыздың халықаралық маңызы бар түсті металлургия орталығы. Қазақстанның ірі мыс, полиметалл, марганец, сирек және шашыранды металдар өндіретін кен орындары осында. Халық жиі қоныстанған мәдени аймақтар кен өндірісі орталықтарының маңына шоғырланған.

Жезқазған өңірі - ел ерте қоныстанған аймақ. Тарихи деректер ертедегі металлургия мен суғару жүйелерінің, кесене мен сарайлардың маңын мекендеген тайпалардың шаруашылығы мен мәдениетінің жоғары болғандығын көрсетеді.

Жезқазған территориясының қойнауы пайдалы қазбаларға өте бай. Ол жер көлемінің үлкендігіне, жердің күрделі геологиялық құрлысына байланысты. Өлкенің шикізат қоры ертеден белгілі болған. Біздің жыл санауымыздан 40-10 мың жыл бұрын осы өңірде мыс кен орындары игеріле бастаған еді. Қола дәуірінде мыстан басқа қалайы, алтын, күміс балқытылып, өңделген. Оны жергілікті жердің жер, су аттарынан байқауға болады.

Қазіргі кезде игеріліп отырған минералды шикізат көзі өте көп. Солардың ішіндегі ең маңыздылары мыс, темір, марганец, полиметалдар, вольфрам, молибден, ванадий және құрылыс материалдары. Бұл өңір мыс кенінің қоры жөнінен Қазақстан Республикасындағы ең маңызды аймақ. Өлкенің мыс кендері кембрийге дейігі заманнан бастап, кейінгі палеозойдың пермь дәуіріне дейін жиналған тау жыныстарымен байланысты.

Бүгінгі таңда саналы тіршілік иелерін ғаламдық деңгейде аландататын өзекті жәйттің бірі - қоршаған ортаны қорғау мәселесі. адамдардың салырттығы мен бейқамдығынан бастау алған экологиялық күрделі ахуалды табиғи қалпына қайыра түсіру осы саладағы ғалымдар мен мамандары соңғы жылдары терең толғандырып келеді. Өндірістің дамуы мен өнеркәсіп орындарының ұлғаюы, техниканы пайдаланушылар санының өсуі секілді өркениет үрдісімен үндес шаруалар екінші жағынан табиғатты тамылжыған күйде қалдыруға кері әсерін тигізуде.

Өзіміздің мысты өлкеде осындай ойды оңға, сананы санға бөлетін салмақты әрі түйінді шаруаларды оңтайлы шешуде жүзеге асырылып жатқан шаралардың бар екені де күмәнсіз. Жезқазған қаласының жер ауданы бүгінгі күнге 859872 гектарды құрайды, оның 683775 гектары қаладан тысқары аумақ. Жалпы жер көлемі ауылшаруашылығына арналғаны- 831701 гектар, өнеркәсіп, көлік және байланыс құрылымдарына қатыстысы- 14513 гектар, су қоры 8644 гектар болып бөлінеді. Тіршіліктің тіні - Табиғат-Ананың тамылжыған тамаша қалпын сақтауға барша адамзат жан-тәнімен ықыласты екендігі күмәнсіз. Алайда, өндірістің өркендеуі, одан туындайтын экологиялық қиындықтар, басқа да себептер мен салдарлар қоршаған ортаның кескін-келбетіне елеулі зиянын тигізіп келеді.

Экологиялық апат мәселесі қазір бар әлемді толғандырып отыр. Балқаш тағдыры алаңдатқалы да жылыстап жылдар ауысты. 2000 жылы Алматыда өткен үлкен форум да, одан кейін Балқашта өткен Парламент мәжілісінің бір топ депутаттары мен табиғат қорғау мамандарынан құралған көшпелі мәжіліс те, жалпы қаладағы табиғат жанашырларының бірлестік ұйымдары да бұл мәселені жан-жақты терең талқылап, саралап келеді. Уақыт алмасқан сайын адам қолымен “екінші табиғат”(өндірістік өркениет деген мағынада) жасалып, алға қарыштап қадам басқан сайын жаңа қиындықтар мен шешімі түйткілді мәселелер көбейе береді.

Балқаш көлі - ғаламшардағы ең көне көлдердің бірі. Жаратылысы бөлек, жұмбағы мол. Батыс бөлігі ерекше тұщы сулы болса, шығыстағы айдыны айрықша ащы болып келеді. Балқаштың тағдыры –жарты ғаламның тағдыры деп айтуға болады. Көл тіршілігі оның картада көрсетілген көк сызықты кемерімен шектелмейді. Оған әсер ететін фактор көп. Балқаштың тағдыры- Алатаудың басынан, Қытайдың далсынан басталады. Себебі көл қанасына су жинайтын алабы сонау Іленің арнасына құйылатын бастау бұлақтардан, Алатаудың мұзарт шыңдарынан, Арқаның апайтөс даласынан құралады.

Осыдан бірнеше жыл бұрын көлге қаладағы өндіріс орындарынан 10 жерден лас су құйылатын- комбинаттың қалдық сақтау орнынан, жылу орталығынан, түсті металл өңдеу зауытынан, сауықтыру орындарынан және т.б. Сол тұста жаға-жайдағы суды тексеру үшін жаздықүндері көлге резина етік кимей жақындай алмайтын. Жағалаулар май, мазут. т.б. сіңіп. әбден ластанған. 1995 жылдан бері комбинат көлге пайдаланылған лас суларын ағызуды тоқтатты. Балқаштың балығы да азайып барады. Жауапсыздық пен салғырттықтың өкінішті орнын толтыру

қиын-ақ. Бір кезде маусымына 40-50 мың тонна балық аулаған балықшылар соңғы жылдары ондай көрсеткіштерге қол жеткізе алмай келеді.

Ауаға зиянды зат тарататын 216 кәсіпорынның 91-інде ауаға тараған зиянды зат көлемі арта түскен. Мұның өзі “Испат-Кармет” ААҚ, Балқаш кен-металлургия комбинаты және “Қазақмыс” корпорациясы, “Жезқазғанцветмет” сияқты облысымыздағы ірі өнеркәсіп орындарында өндірістің жандануын да көрсетеді. Балқаш пен Теміртау қаласы ең ластанған қалаларға жатады. Барлық ластаушы заттардың 73%-і осылардың үлесінде немесе тиісінше 204,2 және 178,5 мың тонна.

Жезқазғандағы экологиялық жағдай да күрделі. Есепті мерзімде оның аумағына 74,1 мың тонна зиянды қалдық тараған, бұл алдыңғы жылдың 1 жарты жылдығына қарағанда 2,3%-ға артық. Бұған себеп “Қазақмыс Корпорациясы” ААҚ бөлімшелерінің кәсіпорындарында жанармайдың көп қолданылғаны болып отыр.

### Әдебиеттер:

Әбенев Ә.А. Қоршаған ортаға қамқорлық қажет: Жезқазған қал. қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы Ә.А.Әбеневпен әңгіме / Әңгімелескен А.Құрмансейітов// Сарыарқа.- 2002.- 7 тамыз

Әбенев Ә.А. Табиғат тепе-теңдігі - ұрпақ мүддесі: Жезқазған қал. қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы Ә.А.Әбеневпен әңгіме / Әңгімелескен А.Құрмансейітов// Сарыарқа.- 2002.- 5 маусым

Әшеєва Р. Ғарыш айлағының әсері// Сарыарқа.- 2002.-16 қаңтар

Ибаділдин Ж. Бірегей мүмкіндіктер мен игілікті келешек өлкесі: Жезқазған қаласының әкімі Ж.Ибаділдинмен сұхбат / Сұхбаттасқан К.Жолдыбай//Сарыарқа.- 2003.- 15 тамыз

Жұмышев Қ. Құтты мекен-Қарағаш // Табиғатым-тағдырым / Құраст. С.Байханов.- Алматы, 1991.- 268-285 б.

Көшімбаев С. Абыз дала, аңыз дала (Жезқазған, Ұлытау өңірі туралы) // Сарыарқа / С.Көшімбаев.- Алматы, 1989. –98- 151 б.

Теміреєва Ф. Жезқазған облысының географиясы / Ф.Теміреєва, С.Нұрсейітов.- Алматы: Рауан, 1994.-128 б

Нүркенова С. Туған табиғат - тіршілік көзі сондықтан оны аялай білу парыз: Жезқазған аймағының ауданаралық экология және биоресурстар басқармасының баст. Ә.А.Әбеневпен сұхбат//Сарыарқа.-1998.-5 маусым

\*\*\*

Адамбекова Х. Арқаның омырауында алқасындай // Орталық Қазақстан.- 2003.- 14 тамыз.-4 б.

Аралым-арым, Балқашым-бағым / Құрастырушы Н.Жүнісбаев.-Алматы: Қайнар, 1988.-264 бет.

Арал-арымыз, Балқаш бағымыз емес пе еді: Мәжілістің экология жөніндегі үкіметтік сағатында айтылған ой-көзқарастары// Азия Транзит.- 2000.-№6.-22-27 б.

Алтынбекұлы К. Таза ауа - денсаулық кепілі: Балқаш қаласының тазалық және жұқпалы індеттерден сақтандыру мекемесінің бас дәрігері К.Алтынбекұлымен сұхбат / Сұхбаттасқан О.Жүнісұлы// Орталық Қазақстан.- 2001.-27 қазан

Ахметов Қ.Қ. Ауруыңды өткізіп алсақ, тәуіпке өкпелеме: Балқаш қал. әкімі Қ.Қ.Ахметовпен сұхбат / Сұхбаттасқан О.Жүнісұлы// Орталық Қазақстан.-2002.- 7 тамыз.-3 б.

Ахметов Қ. Балқаш - бар байлықтың бастауы: Балқаш қал. әкімі Қ.Ахметовпен әңгіме / Әңгімелескен Ж.Башар// Азия Транзит.- 2002.-№2.-26, 27 б.

Ахметов Қ. Үлкен үміт күтемі// Орталық Қазақстан.- 2001.-1 желтоқсан

Әліпбергенов М.К. Комбинаттың көкжиегі кестеленді /М.К.Әліпбергенов// Орталық Қазақстан.-2003.- 30 қаңтар.-3 б.

Байқуатов Д. Балқаштықтық ертеңіне селқос қарай алмаймыз: БКМК бас дир.Д.Байқуатовпен әңгіме / Әңгімелескен Т.Майбас// Орталық Қазақстан.- 2001.- 23 мамыр

Байқуатов Д. Басты тілек - молшылық: БКМК бас дир. Д.Байқуатов мырзаның баспасөз конференциясынан // Балқаш өңірі.- 2001.- 27 сәуір

Балқаш - бар байлықтың бастауы// Орталық Қазақстан.- 2001.-16 мамыр

Балқаш - бар байлықтың бастауы: Табиғат жанашырларының мүйісі// Балқаш өңірі.- 2001.- 1 тамыз

Балқаш - басты мәселе: [Мәжілістің экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің отырысы]// Орталық Қазақстан.- 2000.-30 қыркүйек

Балқаш көлі туралы не білеміз// Орталық Қазақстан.- 2001.-1 желтоқсан

Башар Ж. Балқаш - бар байлықтың бастауы// Балқаш өңірі.-2001.-14 қараша

Башар Ж. Депутаттар көл тағдырына алаңдауда// Орталық Қазақстан.-2000.-12 ақпан

Башар Ж. Көл тағдарына арналған көшпелі мәжіліс// Балқаш өңірі.- 2001.-21 қараша

Башар Ж. Көшпелі мәжіліс тұрақты заңға жол тартты// Балқаш өңірі.- 2001.-23 қараша

Башар Ж. Тіршілік көзі: Экологиялық экспедиция күндерінен// Балқаш өңірі.- 2001.-8 тамыз

Бейсембеков С.Табиғатты аялау - басты парыз: Экологиялық орталығының төрағасы С.Бейсембековпен сұхбат /Сұхбаттасқан Т.Сүлейменова// Балқаш өңірі.- 2001.-28 қыркүйек

Бейсембеков С. Табиғатты аялай білейік// Балқаш өңірі.-2001.-14 қараша

Григорьева Т. Демалыста да дамыл жоқ: [Мәжіліс депутаты Е.Нығматулин туралы] // Орталық Қазақстан.- 2001.-11 тамыз

Григорьева Т. Жылы шырайлы жүздесулер: Депутат және өмір// Орталық Қазақстан.- 2001.- 20 қаңтар

Домбай Н. Бой тұмар тазалықты осылай бағалап, қадірлеп отырған "Қазақмыс" корпорациясы Балқаш аспанының ашық болатынына сенімді: Таза ғаламшар / Н.Домбай// Мысты өңір.- 2003.- 8 тамыз.-5 б.

Елшібеков Ж. Балқаштың бағы байланбасыншы: Әңгімеден үзінді// Азия Транзит.- 2002.-N2.- 25 б.

Жанысбай С Басты әңгіме - Балқаш мәселесі: Облыстық прокуратурада // Орталық Қазақстан.- 2004.- 13 наурыз.-9 б.

Жүнісұлы О. Балқаш экологиясы сауығуда // Орталық Қазақстан.- 2003.- 2 тамыз.-2, 6 б.

Кен-металлургия комбинаты Балқаштың бағы ма, әлде? // Орталық Қазақстан.-2004.-13 сәуір

Ким В. Біз кемшілікпен келісе алмаймыз / В.Ким, Қ.Тоқаев// Орталық Қазақстан.-2001.-26 мамыр

Қожахметов Б. Барлығымыздың абыройлы міндетіміз: Облыстық қоршаған ортаны қорғау аймақтық басқ. бастығы Б.Қожахметовпен сұхбат / Сұхбаттасқан С.Жанысбай// Орталық Қазақстан.- 2001.- 2 маусым

Қожахметов Б.Т. Жағдай біршама жақсарды: Обл. қоршаған ортаны қорғау аум. басқ. бастығы Б.Т.Қожахметовпен әңгіме / Әңгімелескен С.Жанысбай// Орталық Қазақстан.- 2002.- 5 маусым

Қожахметов Б. Қоршаған ортаны қорғау - баршаның міндеті: Обл.Мәслихаттың VI сессиясындағы обл. аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқ. бастығының баяндамасы// Орталық Қазақстан.-2000.- 4 қараша

Майбас Т. Қара мыстан қауіп көп// Орталық Қазақстан.- 2000.-15 қаңтар

Мұхамеджанов К.Е. Бұл біздің соңғы мүмкіндік / К.Е.Мұхамеджанов// Орталық Қазақстан.- 2001.- 16 мамыр

Нығматулин Е. Заң жобасы дайын // Орталық Қазақстан.- 2001.-1 желтоқсан

Облыстық Мәслихатта: [Аграрлық мәселе және экология ж-гі тұрақты комиссиясының мәжілісі туралы]// Орталық Қазақстан.- 2000.-5 ақпан

Оразымбет М. Қоршаған ортаны қорғау үшін не істелуде?: Экология // Мысты өңір.- 2003.- 18 сәуір.-4 б

Сағынтай С. Балқаш туралы арнайы заң керек // Дүние.-2004.-N2 (ақпан).-7-8 б.

Тоешыманов І. Болашақ ұрпақ үшін сақтайық: "Балқаш өңірін жаңарту" қоғамдық қозғалысының төрағасымен сұхбат// Орталық Қазақстан.- 2000.- 3 маусым

## Алапаттың зардабын аластатайық

Қарағанды облысы аумағында әлемдегі ең ірі экологиялық қауіпті үш объекті - Семей ядролық сынақ полигоны, Сарышаған әскери полигоны және Байқоңыр ғарыш айлағы орналасқан.

Ұлан-байтақ елімізді тоталитарлық, әкімшілік жүйенің темір құрсауында ұстап, азат ой мен ұлттар бостандығын тұншықтырып келген кеңестік коммунистік өктемдіктің айқын бір көрнісі - Семей ядролық сынақ полигоны.

Атом жарылыстары бірінен- соң бірі жасалған 40 жыл ішінде полигон маңайындағы жарты миллионнан астам халық радиоактивті тозаңмен тұншығып, оның үштен екісі ертелі-кеш мәңгілікке көз жұмды. Осы 40 жылға созылған атом сынақтарының жалпы қуаты 25 мың Хиросима бомбасына тең екен.

Семей ядролық полигонындағы ең алғашқы сталиндік-бериялық атом бомбасы 1949 жылдың 29 тамызы күні жарылған болатын. Жер үстінде жасалған 26 ядролық жарылыстың кезінде атом сәулесі полигон маңайындағы 800 елді мекенді отты құйынға орап кеткен. Ауада жасалған 90 атом жарылысының 11-інде радиациялық уы полигон территориясының шегінен асып ауа жайылған. Ал 1962 жылдан бастап жүргізілген 300 жерасты сынақтарының әрбір үшіншісінде радиоактивті газдар ауаға жайылып кетіп, 30 жарылыстың кезінде атом сәулесі топырақ пен өсімдікті улаған.

Семей тұрғындарымен бірге ядролық жарылыстардың зардабын Қарқаралы, Егіндібұлақ жұртшылығы бірдей көріп, зәрлі уын бірдей жұтты. 1990-шы жылдардың бас кезінде Қазақстан денсаулық сақтау министрлігі мен Ғылым академиясы жинақтаған құжаттар бойынша Қарағанды облысының да біраз аумағы радиоактивті заттармен ластанғандығы дәлелденді. Егіндібұлақ, Қарқаралы атырабында радионуклидтердің таралуы облыстың басқа жерлеріне қарағанда 1,5-2 есе көп. Осының нәтижесінде тұрғындар әжептәуір көлемдегі сыртқы радиациялық сәулелердің әсеріне ұшыраған.

Ақтоғай ауданының экологиялық жағдайына Семей ядролық сынақ полигонының тигізген зардабы орасан зор. Ақтоғай территориясы Семей сынақ полигонының тәжірибе алаңынан солтүстік-шығыс шекарасы 230 км, оңтүстік-шығыс шекарасы 330 км қашықтықта. Тәжірибе алаңынан азимут бойынша 215-240 градустар аралығында. Сы жағдайларды ескере отырып, аудан территориясы радиациялық заттармен ластанып, халқы радиациялық сәулелену дозаларына ұшырағаны ақиқат. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша аудан халқының Семей полигондағы жарылыстар салдарынан белгілі бір мөлшерде радиациялық сәулелену дозасын алғаны ғылыми тұрғыда дәлелденді.

Ақтоғай ауданында арнайы әдістемемен радиация зардабынан болатын аурулардың бір организмде қабаттасуы зерттелді. Аурулардың қабаттасуы жасы ұлғайған сайын көбейе беретіні көрсетеді және басқа жерлермен салыстырғанда жоғары дәрежеде болған. Әсіресе жүйке жүйесі мен сезім органдары ауруларына асқазан шек ауруларымен, жүрек-қан тамырлары ауруларының зәр жолы, жыныс органдары және ас қорту органдарынан ауруларымен қабаттасуы байқалады.

Қарағанды облысының халқы күрделі экологиялық жағдайға байланысты түрлі ауруларға, әсіресе, ядролық сынақтарға байланысы бар ауруларға жиі шалдығады. Оның негізгі және басты себебі - Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтар жүргізген кезде радиоактивті шөгінділердің әсеріне ұшырағанында деген қорытынды жасауға болады.

Байқоңыр ғарыш айлағы Адамзат ғылымының аса үлкен жетістігі екендігі мәлім. Бірақ сол тұрып жатқан халық үшін оның тигізер пайдасы көп болды ма, зияны көп болды ма?

«Байқоңырдан» ғарышқа бірінші адам аттанғаннан бері қаншама жер серіктері, ғылыми-зерттеу станциялары, ғарыш корабльдері ұшырылды. Соның нәтижесінде ғылымымыз өркендеп, табиғаттың талай тылсым құпиялары ашылды. Демек, «Байқоңыр» ғарыш айлағының адамзат баласы үшін де, еліміз үшін де алар орны ерекше.

Бұл ғарыш айлағының басқа да полигондармен қатар айналадағы орта мен табиғатқа орасан зиян келтіріп отырғандығы жасырын емес. Оның қауіпті аймағы бір миллион шаршы метр жерді қамтиды. Аспаннан жауған ғарыш аппараттарының сынықтары мен қалдықтары, бұлақтың құрамындағы зиянды заттар топыраққа да, ауаға да, өсімдікке де аз залалын тигізбейтіндігі нақты зерттеулер арқылы дәлелденген. Солардан жан-жануарлар мен адамдар да зиян шегіп келе жатқанын осы кейінде ғана айтылып жүр. Байқоңырдан алғашқы зымыран ұшқан сонау 1957

жылдан бері қазақ даласына қаншама зиян әкелді. 1986 жылы Бетпақдалада миллиондаған киіктің қырылып қалуы осы зымырандардың кесірі. Әсіресе, «Протон» зымырантастағышының тіршілік атаулыға тигізер кері әсері шаш етектен. Өйткені ол ұшырылғаннан кейін аспанда отынының біраз бөлігін жандырған соң, бірінші және екінші сатылары бөлініп, жерге түседі. Бұл отынның құрамында улы отын- гептил бар.

Ресейдің «адасқан» зымырандары Атырау облысының Махамбет, Қызылқоға және басқа аудандарының жеріне жиі құлады. Ал «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшырылған «Протон» зымырантасығышының 1999 жылы екі рет құлап, Қарағандының Қарқаралы, Жаңаарқа аудандарының жері мен ауасын гептил отынымен ластады. Құлаған зымыран сапарға аттанғанда оған 466 тонна қышқылдатқыш, 181 тонна отын толтырылған. Ал зымыран отынының компоненттері (КРТ) сан алуан. Солардың ішінде аса улы және өте жылдам тұтанғыш несимметричный диметилгидразин (НДМГ) немесе гептил. Бұдан соң басты айналдырып, жүректі айнытатын нитродиметиламин (НДМА) және тетрамитилтетразин (ТМТ), сол сияқты жүректі айнытуы біршама төмен, қауіптілігі 4-ші сыныпқа жататын формальдегид деген бар.

Бұл заттар ағзаға тыныс жолдары, тері және асқазан арқылы түскенде адамды уландырады. НДМГ тыныс жолдарын, қан құрамын бұзады. Қимыл-әрекеттерге, аяқ-қолдың сіңірінің тартылуына әсерін тигізеді. Тағы бір ғалымдардың айтуына қарағанда гептил адамның табиғи клеткаларының түзілісін бұзады. Демек бұл ұрпақ үшін қауіпті. Екінші буында дене бітімі, іш құрлысы және ақыл-ойы кеміс балалардың тууына себепкер. Байқоңыр ғарыш айлағы мен Сарышаған зымыран полигоны 40 жылдан бері айналадағы ортаға кері әсерін тигізіп, сынағын тоқтатқан Семей полигоны мен Байқоңыр космодромы, Сарышаған зымыран полигоны облыстың экологиялық жағдайын қиындатып, нашарлатып келеді.

Сарышаған ядролық, ракеталық сынақтарды жүзеге асыру үшін салынған полигон. Бұл ерекше кешен. Онда ракетаға қарсы қорғаныс жұмыстары (ПВР) жүргізілді. Соған орай Ресейдің Капустин Яр, Жаңа Жер, Плесецк полигондарынан оқу-жаттығу мақсатында ұшырылған зымырандарын Сарышағаннан жіберілген зымыранмен Сарыарқа жерінде атып түсірген. Осы туралы кезінде нақты деректер берілген жоқ.

Сарышағанда адам өміріне кері әсер ететін зымыран отыны мен оның құрамды қоспалары өте көп мөлшерде сақталады. Зымыран ұшырылған кезде оның ұшыру аппараттары жерге жанып құлайды. «Сарышаған» зымыран сынау полигоны бойынша табиғат қорғау заңнамасын орындау жөнінде келісім жоқ болғандықтан зымыран полигонының қоршаған ортаға ықпалы қаншалықты екендігін зерттеу мүмкін емес. Осы Сарышаған туралы әлі күнге дейін жабық тақырып болып келеді, оның қаншалықты зиян әкелетіні айтылмай жүр. Өйткені, бұл өте аз зерттелген объекті. Ол үшін Қазақстан-Ресей үкіметаралық келісім қажет.

### Әдебиеттер:

Айтуғанов Қ. Ресей зымырандарын құлатпауға мүдделі: Экология және бизнес// Орталық Қазақстан.- 2000.-26 қаңтар

Аққұлұлы С. Байқоңыр мәселесі Парламентте қаралды // Қазақстан ZAMAN.- 2002.-8 ақпан (N6).-3 б.

Ақпамбетова К. Гептилдің зардабы зор: Ғалым көзқарасы // Орталық Қазақстан.- 2002.- 12 қазан.-8 б.

Ақылбаев Ж. Ғарыш айлағы қандай пайдасы мен зияны бар? // Орталық Қазақстан.- 2000.-9 желт.

Ақылбаев М. Батырға лайық Бақия / М.Ақылбаев// Орталық Қазақстан.- 2002.- 16 қаңтар

Әбеуов И. Экология - өзекті мәселе// Орталық Қазақстан.- 2000.-3 маусым

Әбіл А. Ақтоғай - экологиялық апат аймағы: Табиғат және біз// Орталық Қазақстан.- 2000.-24 мамыр

Әбілда Қ. Атом зардабын апат аймағының тұрғындары бір мезгілдік өтемақы алатын болады // Орталық Қазақстан.-2004.-13 сәуір

Әбілов М. Ауылда экологиялық ахуал ауыр: Жанайқай// Орталық Қазақстан.- 2001.-27 қазан

Әкімжанов Т. Ғарыш жалнамасына тағы бір жарқын бет қосылды// Орталық Қазақстан.- 2001.-3 қараша



Әлемді таңқалдырған "Байқоңыр": Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда әңгіме болды// Орталық Қазақстан.- 2001.-24 қаңтар

Әшеева Р. Ғарыш айлағының әсері// Сарыарқа.- 2002.-16 қаңтар

Байқоңыр сорымызды көбейтпесін// Егемен Қазақстан.-1999.-3 қараша

Бақтыбеков Қ. "Гептилді өзіміз анықтаймыз" // Орталық Қазақстан.- 2000.- 9 желтоқсан

Балташұлы Е. Алаш аспанындағы аждаһаны ауыздықтау немесе Тәуелсіздіктің алғашқы 5 жылындағы арпалыс: Тәуелсіздік жылнамасы-1996// Орталық Қазақстан.- 2001.-14 шілде

Жақатаева Б. Ауа райына да әсері бар // Орталық Қазақстан.- 2002.-11 мамыр

Жақатай Т. Адамға төнген екі қатер / Т.Жақатай, Қ.Кәкімова// Орталық Қазақстан.- 2001.-2 маусым

Жанғожин А. Тәуелсіздік таңы атқанда: Қазыналы қарашаңырақ / А.Жанғожин, Е.Лұқпан// Орталық Қазақстан.- 2004.- 31 қаңтар.-3 б.

Жанысбай С. "Байқоңыр" - бірегей кешен: Баспасөз мәслихаты// Орталық Қазақстан.- 2001.- 10 ақпан

Жанысбай С. "Байқоңыр" мәселесіне арналды: Баспасөз мәслихаты// Орталық Қазақстан.- 2001.-17 қазан

Жанысбай С. Гептил қашанғы улайды?: Баспасөз мәслихаты// Орталық Қазақстан.- 2001.-27 маусым

Жанысбай С. Зымыранның зардабы қазақ даласына қашанғы қасірет әкеледі//Орталық Қазақстан.-1999.-1 қыркүйек

Жәлелқызы Г. Апатты аймақтың ахуалы ауыр: Экология және біз// Орталық Қазақстан.- 2002.-13 наурыз

Жүнісова Ж. Егіндібұлақтар Аруақты Алладан кем көрмейді: [Қазыбек би ауылы туралы]// Сана.- 2000.-3, 10 тамыз (N29,30).-4 б.

Жүнісұлы О. Сарышаған - тоғыз жолдың торабы // Орталық Қазақстан.- 2002.- 19 маусым

Кәлиакпар М. Ақтоғай да апат аймағы: Дабыл// Орталық Қазақстан.- 2000.-19 шілде

Кеңесов Ж. Сарышаған - ел қорғаныс қуатының белгісі / Ж.Кеңесов, Д.Мақаш// Орталық Қазақстан.-2002.- 17 сәуір

Күзембай Қ. Бейқамдық-болашаққа қасірет// Ана тілі.- 2000.-13 көкек (N8).-6 б.

Қабжанов Қ. Депутаттық сауалға орай// Қарқаралы.- 2000.- 10 маусым

Қабыханов А. Көктас тұрғындары неге алаңдаулы? // Қарқаралы.- 2001.-17 қазан

Қабыханов А. Парламент депутаттары Қарқаралыда // Орталық Қазақстан.- 2001.-17 қазан

Қарағанды облысының 2001-2005 жылдарға арналған селоны әлеуметтік және экономикалық дамыту бағдарламасы// Орталық Қазақстан.- 2000.-29 шілде.

Қожахметов Б. "Байқоңыр" кешені және басқа полигондар// Орталық Қазақстан.- 2001.-27 қазан

Қожахметов Б.Т. Жағдай біршама жақсарды: Обл. қоршаған ортаны қорғау аум. басқ. бастығы Б.Т.Қожахметовпен әңгіме / Әңгімелескен С.Жанысбай// Орт.Қазақстан.- 2002.- 5 маусым

Қожахметов Б.Т. Қарағанды облысының экологиялық проблемалары және оларды шешудің жолдары // Атамекен.- 2001.- 10 наурыз

Қожахметов Б. Қоршаған ортаны қорғау - баршаның міндеті: Обл. Мәслихаттың VI сессиясындағы обл. аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқ. бастығының баяндамасы// Орталық Қазақстан.- 2000.- 4 қараша

Қожахметов Б. Табиғатқа залалы мол / Б.Қожахметов, Қ.Айтуғанов// Орталық Қазақстан.- 2000.-9 желт.

Құрманғалиқызы А. Екі баланың өлімі не жазылмаштан, не жарылыстан: Тосын оқиғалар// Орталық Қазақстан.- 2001.- 18 сәуір

Молдабаеков М. Ғарыштың күнгейі мен көлеңкесі: Замана сауалы: "Байқоңыр айлағы елімізге қажет пе?"// Егемен Қазақстан.- 2000.- 26 шілде

Мұқышұлы Ұ. Барымызды қастерлей білмесек, болашақ бізді кешірмейді: Парламент Мәжілісі комитеті ауданымызда көшпелі Мәжіліс өткізді// Жаңаарқа.- 2001.-20 қазан

Мұқышұлы Ұ. Жұртшылықтың орынды талабы: Депутат және өмір// Орталық Қазақстан.- 2002.-22 наурыз

Мұқышұлы Ұ. Қастерлей білмесек болашақ кешірмейді: Экология және біз// Орталық Қазақстан.-2001.-27 қазан

Мұқышұлы Б. Ұлытау - қазақтың қасиетті ордасы // Азия Транзит.- 2002.- N1.-25-27 б.

Мұхамеджанов К. Бұл - біздің соңғы мүмкіндік// Балқаш өңірі.- 2001.- 1 маусым

